

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2022 жылғы 26 тамыздағы № 700 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 27 тамызда № 29305 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫН:

1. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің кейбір бұйрықтарына мынадай өзгерістер енгізілсін:

1) "Мүгедектігі бар және мекемелерде жазасын өтеп жүрген және күзетпен қамауда отырған сотталғандарға техникалық көмекші (компенсаторлық) құралдар мен арнайы жүріп-тұру құралдарын ұсыну қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2015 жылғы 28 желтоқсандағы № 1088 бұйрығында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13238 болып тіркелген):

бұйрықтың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Мүгедектігі бар, мекемелерде жазасын өтеп жүрген және күзетпен қамауда отырған сотталғандарға техникалық көмекші (компенсаторлық) құралдар мен арнайы жүріп-тұру құралдарын ұсыну қағидаларын бекіту туралы";

бұйрықтың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"Қоса беріліп отырған мүгедектігі бар, мекемелерде жазасын өтеп жүрген және күзетпен қамауда отырған сотталғандарға техникалық көмекші (компенсаторлық) құралдар мен арнайы жүріп-тұру құралдарын ұсыну қағидалары бекітілсін.";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Мүгедектігі бар және мекемелерде жазасын өтеп жүрген және күзетпен қамауда отырған сотталғандарға техникалық көмекші (компенсаторлық) құралдар мен арнайы жүріп-тұру құралдарын ұсыну қағидалары осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

2) "Сот үкімі бойынша бас бостандығынан айыру орындарында жазасын өтеп жатқан бас бостандығы шектелген адамдарға, сондай-ақ ұсталған, қамауға алынған және арнайы мекемелерге орналастырылған адамдарға медициналық көмек көрсету қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2020 жылғы 28 қазандағы № 754 бұйрығында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21534 болып тіркелген):

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Сот үкімі бойынша бас бостандығынан айыру орындарында жазасын өтеп жатқан бас бостандығы шектелген адамдарға, сондай-ақ

ұсталған, қамауға алынған және арнайы мекемелерге орналастырылған адамдарға медициналық көмек көрсету қағидаларында:

117-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"117. Міндетті емді қабылдамаған, сондай-ақ, ЕАМ арнайы емді қажет ететін сотталғандар (бірінші-екінші топ мүгедектігі бар адамдар, мәжбүрлеп емделуі аяқталмаған адамдар, психиатриялық паталогиямен, еңбегін толық көлемде пайдалануға кедергі келтіретін, жиі асқынулары болып тұратын созылмалы ауруына байланысты диспансерлік қадағалауда есепте тұрған, белсенді туберкулезбен ауыратындар, сондай-ақ туберкулездің үлкен қалдықты өзгерістерімен есепте тұрған диспансерлік топ бойынша бақылаудағылар, 3-4 клиникалық сатысындағы АИТВ-мен ауыратындар (клиникалық көрсеткіштерімен, CD4 деңгейінің төмендігі және вирустық жүктеменің жоғарғы көрсеткіші), қауіптік кезеңдегі жұқпалы аурумен ауыратындар, жүйелік аурулармен ауыратындар) қауіпсіздігі барынша төмен мекемелерге аударылуға жатпайды.";

120-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"120. Қарттар мен мүгедектігі бар адамдарға арналған медициналық-әлеуметтік мекемелерге (ұйымдарға) жіберуді қажет ететін адамдар мекемеден, ТИ-дан босатылған кезде мекеме, ТИ әкімшілігі босатылғанға дейін үш айдан кешіктірмей халықты әлеуметтік қорғау саласындағы жергілікті атқарушы органдарға аталған адамдарға босатылғаннан кейін кезектілік болмаған жағдайда тиісті медициналық-әлеуметтік мекемелерге (ұйымдарға) орналастыру үшін не кезекке қою үшін қажетті құжаттарды ұсынады.";

151-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"151. Мекеменің, ТИ-дің әкімшілігі мүгедектігі бар адамдарды кезекті қайта куәландыру мерзімін ескере отырып, қайта куәландыруға (қайталап куәландыру) ұсынады.".

2. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Қылмыстық-атқару жүйесі комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрықты мемлекеттік тіркегеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларымен көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін;

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Ішкі істер министрі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Еңбек және халықты әлеуметтік
қорғау министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрлігі

М. Ахметжанов

Қазақстан Республикасының
Ішкі істер министрі
2022 жылғы 26 тамыздағы
№ 700 бұйрығына
қосымша
Қазақстан Республикасы
Ішкі істер министрінің
2015 жылғы 28 желтоқсандағы
№ 1088 бұйрығымен
бекітілген

Мүгедектігі бар, мекемелерде жазасын өтеп жүрген және күзетпен қамауда отырған сотталғандарға техникалық көмекші (компенсаторлық) құралдар мен арнайы жүріп-тұру құралдарын ұсыну қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Мүгедектігі бар, мекемелерде жазасын өтеп жүрген және күзетпен қамауда отырған сотталғандарға техникалық көмекші (компенсаторлық) құралдар мен арнайы жүріп-тұру құралдарын ұсыну қағидалары (бұдан әрі – Қағида) мүгедектігі бар адамдарды абилитациялау мен оңалтудың жеке бағдарламасына (бұдан әрі – ОЖБ) сәйкес техникалық көмекші (компенсаторлық) құрал-жабдықтар мен арнайы жүріп-тұру құралдарын ресімдеу және ұсынуды ұйымдастыру тәртібін белгілейді.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) арнайы жүріп-тұру құралдары – мүгедектігі бар адамдардың белсенді және баяу жүріп-тұруына арналған техникалық көмек түрі;

2) мүгедектігі бар сотталған – тіршілігінің шектелуіне және оны әлеуметтік қорғау қажеттігіне әкеп соқтыратын, ауруларға, мертігулерге (жаралануға, жарақаттарға, контузияларға), олардың зардаптарына, кемістіктерге байланысты ағза функциялары тұрақты бұзылып, денсаулығы нашарлаған адам;

3) мүгедектік – ағза функциялары тұрақты бұзылып, денсаулықтың бұзылуы салдарынан адам тіршілігінің шектелу дәрежесі;

4) мүгедектігі бар адамды абилитациялау мен оңалтудың жеке бағдарламасы – мүгедектігі бар адамды оңалтудан өткізудің нақты көлемін, түрлері мен мерзімдерін белгілейтін құжат;

5) міндетті гигиеналық құралдар – табиғи физиологиялық мұқтаждықтарды және қажеттіліктерді қанағаттандыруға арналған құралдар;

6) протездік-ортопедиялық құралдар – кем аяқ-қолды немесе дененің басқа да мүшелерін алмастыратын, аурудың немесе денсаулыққа зақым келудің салдарынан ағзаның бұзылған немесе жоғалтқан функцияларының орнын толтыратын құралдар;

7) сурдотехникалық құралдар – есту кемістіктерін түзеуге және олардың орнын толтыруға арналған, соның ішінде байланыс құралдары мен ақпарат беруді күшейтетін техникалық құралдар;

8) техникалық көмекші (компенсаторлық) құралдар – протездік-ортопедиялық, сурдотехникалық, тифлотехникалық құралдар мен міндетті гигиеналық құралдар;

9) тифлотехникалық құралдар – мүгедектігі бар адамдардың көру қабілетінің бұзылуы салдарынан жоғалтқан мүмкіндіктерін түзеуге және олардың орнын толтыруға бағытталған құралдар.

2-тарау. Техникалық көмекші (компенсаторлық) құралдар мен арнайы жүріп-тұру құралдарын ұсыну тәртібі

3. Мүгедектікті және еңбек ету қабілетінен айырылу дәрежесін белгілеуді, сондай-ақ куәландырылатын адамның әлеуметтік қорғау шараларына қажеттілігін айқындауды медициналық-әлеуметтік сараптама (бұдан әрі – МӘС) жолымен жүргізеді.

4. Қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінің (бұдан әрі – ҚАЖ мекемелері) медициналық ұйымдарының дәрігерлік-консультациялық комиссиясының жолдамасы:

1) ағза функциялары тұрақты бұзылған кезде алғаш куәландыру;

2) қайталап куәландыру (қайта куәландыру) мақсатында МӘС жүргізу үшін негіздеме болып табылады.

5. Мекеме әкімшілігі аурулардан, жарақат немесе кемістік салдарларынан туындаған ағза функцияларының тұрақты бұзылуын растайтын диагностикалық, емдеу және оңалту іс-шаралары кешенін өткізеді.

6. ҚАЖ мекемесінің әкімшілігі сотталғанның ағза функцияларының тұрақты бұзылуын анықтаған кезде ҚАЖ мекемесі орналасқан жері бойынша Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Еңбек, әлеуметтік қорғау және көші-қон комитетінің аумақтық бөліністеріне (бұдан әрі – аумақтық бөліністер) "Медициналық-әлеуметтік сараптама жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 30 қаңтардағы № 44 бұйрығымен бекітілген Медициналық әлеуметтік сараптаманы өткізу қағидаларына сәйкес (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік

тіркеу тізілімінде № 10589 болып тіркелген) куәландыратын адамға құжаттарын әзірлейді және ұсынады.

7. Мекеме әкімшілігі қайта куәландырудың кезекті мерзімін ескере отырып, мүгедектігі бар сотталғандарға қайта куәландыруға (қайтадан куәландыруға) мекеме орналасқан жері бойынша аумақтық бөліністерге құжаттарды жібереді.

Мүгедектігі бар сотталғандар ҚАЖ мекемелеріне келген кезде қайта куәландырудың кезекті мерзімін ескере отырып қайтадан куәландыруға жатады.

8. Куәландырылатын (қайта куәландырылатын) адамға МӘС ҚАЖ мекемелерінде және тергеу изоляторларда өткізіледі.

МӘС өткізген кезде сотталғанның болуы қажет.

9. Сотталған МӘС өткізілетін кезде ҚАЖ мекемелерінің әкімшілігі аумақтық бөліністердің өкілдеріне еріп жүреді және қауіпсіздігін қамтамасыз етеді.

10. Есту, сөйлеу қабілеттерінің айқын бұзылыстары бар (керендік, IV дәрежедегі құлақ мүкістігі, керен-мылқаулық) адамдарды куәландыру кезінде мекеме әкімшілігі ымдау тілі маманының (сурдоаудармашы) қатысуын қамтамасыз етеді.

Сотталғанды куәландыру нәтижесі бойынша МӘС-пен мүгедектігі белгіленеді немесе бас тарту бойынша қорытынды шығарылып ҚАЖ мекемесі әкімшілігінің өкілдеріне беріледі.

11. Мүгедектігі бар сотталғандарды техникалық көмекші (компенсаторлық) құралдар мен арнайы жүріп-тұру құралдарымен қамтамасыз ету Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2021 жылғы 27 желтоқсандағы № 502 бұйрығымен бекітілген Мүгедектігі бар адамдарға ұсынылатын техникалық көмекші (орнын толтырушы) құралдардың, арнаулы жүріп-тұру құралдарының және көрсетілетін қызметтердің сыныптауышына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 26087 болып тіркелген) және "Мүгедектерді оңалтудың кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 22 қаңтардағы № 26 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10370 болып тіркелген) (бұдан әрі – № 26 бұйрық) сәйкес жүргізіледі.

Мүгедектігі бар сотталғандар "Қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінің ішкі тәртіптеме қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2014 жылғы 17 қарашадағы № 819 бұйрығымен бекітілген қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінің ішкі тәртіптеме қағидаларымен қатар (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9984 болып тіркелген) осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес Мүгедектігі бар, мекемелерде жазасын өтеп жүрген және күзетпен қамауда отырған сотталғандарға ұсынылған және өзімен бірге алып жүруге рұқсат етілген техникалық көмекші (компенсаторлық) құралдар және арнайы жүріп-тұру құралдарының тізбесіне сәйкес техникалық көмекші (компенсаторлық) және арнайы жүріп-тұру құралдарын өзімен бірге алып жүреді.

12. Протездік-ортопедиялық құралдардың барлық түрімен және оларды жөндеу, сурдотехникалық және тифлотехникалық құралдармен, міндетті гигиеналық құралдар және арнайы жүріп-тұру құралдарымен қамтамасыз ету ОЖБ-ге сәйкес мемлекеттік тапсырыс немесе сотталғанның өз қаражаттары есебінен жазасын өтеу орны бойынша жүргізіледі.

Мүгедектігі бар сотталған протездік-ортопедиялық құралдардың барлық түрін, сурдотехникалық, тифлотехникалық құралдар және арнаулы жүріп-тұру құралдарын қасақана бұзған жағдайда олармен қамтамасыз ету және жөндеуі сотталғанның өзінің немесе туыстарының қаражаты есебінен жүргізіледі.

13. № 26 бұйрық талаптарына сәйкес жұмыс берушінің кінәсінен, соның ішінде жазасын өтеу кезінде алынған кәсіби аурулары немесе еңбек жарақаттары бар мүгедектігі бар адамдар жұмыс берушінің қаражатынан мүгедектігі бар адамдарды ОЖБ-ге сәйкес протездік-ортопедиялық көмекпен, сурдотехникалық, тифлотехникалық құралдармен, міндетті гигиеналық заттар мен арнайы жүріп-тұру құралдармен қамтамасыз етіледі.

Жұмыс берушінің – жеке кәсіпкердің немесе заңды тұлғаның қызметінің тоқтатылу жағдайы кезінде жұмыс берушінің кінәсінен алынған кәсіби аурулары немесе еңбек жарақаттары бар мүгедектігі бар адамдарға протездік-ортопедиялық көмек, сурдотехникалық, тифлотехникалық құралдар, міндетті гигиеналық заттар мен арнаулы жүріп-тұру құралдар мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсынылады.

14. ҚАЖ мекемелерінің мемлекеттік тапсырыс қаражаттары есебінен протездік-ортопедиялық көмекке, сурдотехникалық және тифлотехникалық құралдарға, міндетті гигиеналық заттарға, арнайы жүріп-тұру құралдарына мұқтаж мүгедектігі бар сотталғандардың құжаттары № 26 бұйрықпен бекітілген тізбе бойынша сотталғанның жазасын өтеу орны бойынша республикалық маңызы бар қалалар, астана, облыстық маңызы бар қалалар және ауданның жергілікті атқарушы органдарының халықты әлеуметтік қорғау саласындағы уәкілетті органдарына жолданады.

15. № 26 бұйрыққа сәйкес протездік-ортопедиялық көмек көрсету бойынша қызмет көрсетудің жеткізушісімен амбулаторлық немесе стационарлық протездеу үшін мүгедектігі бар сотталғанды шақыру қажеттілігі немесе оның қатысуынсыз тапсырысты орындау анықталады. Сотталғанды шығару қажеттілігі болған жағдайда шақыру алдын - ала бір ай бұрын жолданады.

16. Амбулаторлық немесе стационарлық протездеуге шақыру алған жағдайда ҚАЖ мекемелері сотталғанды протездік-ортопедиялық көмек көрсету бойынша қызмет көрсетудің жеткізушісіне жеткізуді және оның күзетін қамтамасыз етеді.

17. Мүгедектігі бар сотталғандарды және оларға техникалық көмекші (компенсаторлық) құралдар мен арнайы жүріп-тұру құралдарын беруді есепке алу осы

Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мүгедектігі бар сотталғандарды және оларға техникалық көмекші (компенсаторлық) құралдар мен арнайы жүріп-тұру құралдарын беруді есепке алу журналында жүргізіледі.

18. ҚАЖ мекемелері техникалық көмекші (компенсаторлық) құралдар мен арнайы жүріп-тұру құралдарын алған мүгедектігі бар сотталғандардың тізімдерін Ішкі істер министрлігінің Қылмыстық-атқару жүйесі комитетіне (бұдан әрі - ПМ) жылына екі рет ұсынады.

ПМ Қылмыстық-атқару жүйесі комитеті мүгедектігі бар сотталғандарға техникалық көмекші (компенсаторлық) құралдар мен арнайы жүріп-тұру құралдарын беру кезінде олардың құқықтарын, бостандығын және заңды мүдделерінің сақталуына ведомстволық бақылау жүргізеді.

Мүгедектігі бар, мекемелерде
жазасын өтеп жүрген және
күзетпен қамауда отырған
сотталғандарға техникалық
көмекші (компенсаторлық)
құралдар мен арнайы жүріп-тұру
құралдарын ұсыну қағидаларына
1-қосымша

Мүгедектігі бар, мекемелерде жазасын өтеп жүрген және күзетпен қамауда отырған сотталғандарға ұсынылатын және өзімен бірге алып жүруге рұқсат етілген техникалық көмекші (компенсаторлық) құралдар және арнайы жүріп-тұру құралдарының тізбесі

Мүгедектігі бар, мекемелерде жазасын өтеп жүрген және күзетпен қамауда отырған сотталғандар мынадай заттар мен бұйымдарды өздерімен бірге алып жүре алады:

1. Протездік-ортопедиялық құралдар:

- 1) протездер;
- 2) аппараттар, таторлар;
- 3) балдақтар, таяқтар, жетек арбалар;
- 4) корсеттер, реклинаторлар, басұстағыштар;
- 5) бандаждар, емдік белбеулер, балалардың профилактикалық шалбаршалары;
- 6) ортопедиялық аяқкиім және қосымша құрылғылар (кебістер, супинаторлар);
- 7) аппараттарға арналған аяқ киім;
- 8) жейде киюге арналған құрылғы;
- 9) колготки киюге арналған құрылғы;
- 10) шұлық киюге арналған құрылғы;
- 11) түйме тағуға арналған құрылғы (ілмек).

2. Сурдотехникалық құралдар:

- 1) есту аппараттары;
- 2) кохлеарлық импланттарға арналған сөйлеу процессорлары;
- 3) дауыс шығаратын аппарат.

3. Тифлотехникалық құралдар:

- 1) тифлотаяқтар;
- 2) Брайль жүйесі бойынша жазу құралы;
- 3) Брайль жүйесі бойынша жазу грифелі;
- 4) рельефті-ноқатты қаріппен жазуға арналған қағаз;
- 5) сөз шығаратын термометр;
- 6) сөз шығаратын тонометр;
- 7) тест жолақшалары бар сөз шығаратын глюкометр;
- 8) брайль қарпін өз бетімен үйренуге болатын сөйлейтін құрал;
- 9) Брайль бойынша алмалы-салмалы әліппе;
- 10) көру қабілеті бұзылған мүгедектігі бар адамдарға арналған ине сабақтағыштар, тігін инелері.

4. Жүріп-тұрудың арнайы құралдары:

- 1) бөлмеде жүріп-тұруға арналған кресло-арбалар;
- 2) серуендеуге арналған кресло-арбалар.

5. Міндетті гигиеналық құралдар:

- 1) несеп қабылдағыштар;
- 2) нәжіс қабылдағыштар;
- 3) жөргектер;
- 4) сіңіргіш жаймалар (жаялықтар);
- 5) катетер;
- 6) стоманың айналасындағы теріні қорғау және тегістеуге арналған паста-герметик;
- 7) қорғаныш крем;
- 8) сіңіргіш ұнтақ (опа);
- 9) иісті бейтараптандырғыш;
- 10) теріні тазартқыш;
- 11) санитарлық құрылғысы бар кресло-орындық.

Мүгедектігі бар, Мекемелерде жазасын өтеп жүрген және күзетпен қамауда отырған сотталғандарға техникалық көмекші (компенсаторлық) құралдар мен арнайы жүріп-тұру құралдарын ұсыну қағидаларына
2-қосымша

Мүгедектігі бар сотталғандарды және оларға техникалық көмекші (компенсаторлық) құралдар мен арнайы жүріп-тұру құралдарын беруді есепке алу журналы

							Техникалық көмекші (компенсаторлық)
--	--	--	--	--	--	--	-------------------------------------

№	Тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)	Мекеме	Мүгедектік тобының болуы, мүгедектіктің себебі	Мүгедектіктің берілген күні және мерзімі	Қайта куәландыру күні	ОЖБ сәйкес іс-шаралар	құралдар мен арнаулы жүріп-тұру құралдармен қамтамасыз ету
---	---	--------	--	--	-----------------------	-----------------------	--

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК